

**"Бағалы қағаздар рыногында жұмыс істеу үшін мамандар даярлауды жүзеге асыратын оқу орталықтарының ішкі құжаттар айналысын жүргізу тәртібі туралы нұсқауды" бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының 1997 жылғы 2 маусымдағы N 80 Қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1997 жылғы 4 тамызда тіркелді. Тіркеу N 342. Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасының 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 392 қаулысымен.

-----Қаулыдан үзінді-----

*Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес келтіру мақсатында, Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:*

- 1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілерінің күші жойылды деп танылсын.*
- 2. Осы қаулы қабылданған күнінен бастап қолданысқа енеді.*

*Төраға*

*Қазақстан Республикасының  
Қаржы нарығын және қаржы  
ұйымдарын реттеу мен қадағалау  
жөніндегі агенттігі басқармасының  
2004 жылғы 27 желтоқсандағы  
N 392 қаулысына Қосымша  
Күші жойылды деп танылатын нормативтік  
құқықтық актілердің тізбесі*

- 1. Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының "Бағалы қағаздар рыногында жұмыс істеу үшін мамандар даярлауды жүзеге асыратын оқу орталықтарының ішкі құжаттар айналысын жүргізу тәртібі туралы нұсқауды бекіту туралы" 1997 жылғы 2 маусымдағы N 80 қаулысы (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 342 тіркелген, "Қазақстанның бағалы қағаздар рыногы" журналында жарияланған, 1997 жыл, N 7-8)...*

-----

Оқу орталықтарының жұмыстарын оңтайлы ұйымдастыру және құжаттарына ішкі есеп жүргізуді жүйеге келтіру мақсатында Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы қаулы етеді:

1. "Бағалы қағаздар рыногында жұмыс істеу үшін мамандар даярлауды жүзеге асыратын оқу орталықтарының ішкі құжаттар айналысын жүргізу тәртібі туралы нұсқау" бекітілсін.

2. Құқықтық қамтамасыз ету басқармасы осы нұсқауды тіркеу үшін екі күн мерзімде Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне ұсынсын.

3. Осы қаулының орындалысына бақылау жасау Рынокты реттеу басқармасына жүктелсін.

4. Нұсқау Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркеуден өткізілген сәттен бастап күшіне енеді.

ҰЛТТЫҚ КОМИССИЯНЫҢ

Төрағасы

**Бағалы қағаздар рыногында жұмыс істеу үшін мамандар даярлауды жүзеге асыратын оқу орталықтарының ішкі құжаттар айналысын жүргізу тәртібі туралы нұсқау**

Осы нұсқау "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Z970077\_ 1997 жылғы 5 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының 1996 жылғы 13 желтоқсандағы N 151 V960250\_ қаулысымен бекітілген "Бағалы қағаздар рыногында жұмыс істеу үшін мамандарды оқытуға оқу орталықтарына рұқсат беру тәртібі туралы ережеге" сәйкес әзірленді. Нұсқау бағалы қағаздар рыногында жұмыс істейтін мамандар даярлауды жүзеге асыратын оқу орталықтарының құжаттар айналысын жүргізу тәртібін реттейді.

1. Оқу орталықтарының жұмыс істеулеріне қажетті мынадай құжаттары болу керек:

а) мемлекеттік тіркеу туралы куәлік, құрылтай құжаттары (жарғы, құрылтай шарты, егер оқу орталығы заңды тұлға мәртебесінсіз басқа заңды тұлғаның құрамында құрылған жағдайда - құрамында оқу орталығы құрылған заңды тұлғаның қызметтің осы түрімен шұғылдануға құқығы бар екендігі айтылған жарғыдан үзінді-көшірмемен бірге Оқу орталығы туралы ереже);

б) оқытудың әрбір мамандандыру санаты бойынша бағалы қағаздар рыногында жұмыс істеу үшін мамандар оқытуды ұйымдастыру және жүргізу құқығына Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы (бұдан әрі - БҚҰК) Рұқсатының түпнұсқасы, сондай-ақ БҚҰК-ның Рұқсатты қолдану мерзімін ұзарту туралы шешімі;

в) оқу орталықтарының қызметтерін реттейтін Қазақстан Республикасының

және БҚҰК-ның нормативтік актілері;

г) туған жылдары, білімдері, ғылыми дәрежесі, жұмыс стажы көрсетілген оқу орталықтары қызметкерлерінің штаты туралы мәлімет, сондай-ақ оқу орталығының жетекшісі бекіткен, мазмұнында қызметкерлердің нақты функциялары, құқықтары мен міндеттері жазылған қызметкерлердің лауазымдық нұсқалары ;

д) БҚҰК-да бекітілген және тыңдаушылармен сабақ жүргізу үшін тартылатын профессор-оқытушылар құрамының тізімі, оның ішінде негізгі жұмыс орны, қызметі, оқытушылық стажы, ғылыми дәрежесі (егер болса) көрсетіп келісім-шарт негізінде жұмыс істейтіндер. Тізімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туындағанда олар БҚҰК-мен келісілу керек;

е) БҚҰК -мен келісіліп енгізілген барлық өзгерістері мен толықтыруларын ескере отырып оқытудың әрбір санаты бойынша БҚҰК-да әзірленген және бекітілген Бағалы қағаздар рыногындағы кәсіби қызмет үшін мамандар даярлау жөніндегі оқу-әдістемелік сабақ жоспарларының түпнұсқалары;

ж) құрамына оқу-әдістемелік әдебиеттер және нормативтік-құқықтық актілер кіретін, қажетті санын Аттестациялық комиссия белгілеген, тиісті оқу курсы бойынша тыңдаушыларға берілетін тарату материалдары, сондай-ақ таблицалардың және оқу процесінде пайдаланылатын басқа да көрнекі құралдардың үлгілері ;

з ) < \* >

*ЕСКЕРТУ. з)-тармақ алып тасталды - ҚР Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының 1999.04.20. N 30 V990782\_ қаулысымен.*

и) тыңдаушылармен сабақ жүргізу үшін тартылатын оқытушылармен жасасқан келісімдер, келісім-шарттар немесе еңбек шарттары;

к) жалдау жөніндегі келісімнің немесе сабақ жүргізілетін үй-жайды меншіктеу құқығын растайтын құжаттың түпнұсқасы;

л) жеке папкада: оқытушылардың атын-жөнін, сондай-ақ осы курстарды өткізетін орындарды және уақытын көрсете отырып оқу орталығының бірінші басшысы (оқу орталығының алқалы атқарушы органының басшысы немесе оқу орталығының атқарушы органының функциясын жеке дара жүзеге асыратын тұлға) немесе оны ауыстыратын тұлға қол қойған және оқу орталығы мөрінің таңбасымен расталған бағалы қағаздар рыногындағы жұмыс үшін мамандар даярлау курстарының сабақ кестелері.<\*>

*ЕСКЕРТУ. л)-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының 1999.04.20. N 30 V990782\_ қаулысымен.*

2. Оқу орталықтары мынадай журналдарды жүргізуге міндетті:

а) мынадай мәліметтер көрсетілген тыңдаушылардың есеп журналы:

- тегі, аты, әкесінің аты (толық);

- өтініш берген күн;
- өтініш берілген курстың жүргізілу мерзімдері;
- әдістемелік материалдың берілген күні;
- мекен-жай туралы мәліметтер;
- төлқұжат мәліметтері;
- білімі туралы мәліметтер: жоғары (орта арнаулы), диплом бойынша мамандық;

- жұмыс стажы: жалпы, мамандық бойынша (заңдық-экономикалық), бағалы қағаздар рыногының жұмысына тікелей байланысты (жұмыс орны мен қызметін көрсетіп);

- соңғы жұмыс орны және қызметі;
- аттестациялау нәтижесі.

б) әдістемелік материалдарды беру, біліктілік куәліктерін беру журналы жүргізіледі.

Журналда мынадай ақпараттар көрсетіледі:

- курсты жүргізу мерзімі;
- с а н а т т а р ;
- тыңдаушының тегі, аты, әкесінің аты;
- тарату материалдарын беру күні;
- аттестациядан өткендігі үшін ақы төленген күн;
- Аттестациялық комиссия отырысы хаттамасының күні және нөмірі;
- біліктілік куәлігін берген күн;
- біліктілік куәлігінің нөмірі;
- тыңдаушының қолы.

Біліктілік куәлігі сенімхат бойынша берілген жағдайда соңғы бағанаға аттестациядан өткен тұлғаның сенімді тұлғасы тегін, инициалын, сондай-ақ сенімхаттың нөмірін және берілген күнін көрсете отырып алғандығы туралы қол қояды, барлық сенімхаттар жеке папкаға хронологиялық тәртіппен тігіледі.

в) тыңдаушылардың сабаққа қатысуларын тіркеу журналы әрбір сабақ бойынша еркін үлгіде жүргізіледі және сабақ жүргізген оқытушының қолымен куәландырылады. Курс аяқталғаннан кейін нақты жалпы оқылған сағаттардың және тыңдаушылардың жіберген сағаттарының жалпы саны жөніндегі мәліметтер журналға әрбір пән бойынша жеке жазылады.

г) қайтадан аттестациядан өтуге өтініш берген тұлғаларды тіркеу журналында мынадай ақпараттар көрсетіледі:

- тыңдаушының тегі, аты, әкесінің аты;
- қайтадан аттестациядан өтуге өтініш берген күн;
- курстардағы оқу мерзімдері;
- с а н а т т а р ;

- Аттестациялық комиссия отырысы хаттамасының нөмірі және күні;
- қайтадан аттестациялаудан өткендігі үшін ақы төлегендігі туралы белгі;
  - қайтадан аттестациялау күні;
  - қайтадан аттестациялау нәтижесі;
  - біліктілік куәлігі берілген күн;
  - біліктілік куәлігінің нөмірі;
  - тыңдаушының қолы.

3. Оқу орталықтары мыналар енгізілген оқу курсың, әңгімелесуді және емтихандарды ұйымдастыру жөніндегі құжаттамаларды жинақтайды және есеп жүргізеді:

- БҚҰК-мен жазысқан қатынасхаттар, ал қажет болған жағдайда - оқу процесін ұйымдастыру мәселелері бойынша басқа оқу орталықтарымен немесе шаруашылық жүргізуші субъектілермен жазысқан қатынасхаттар;

- оқу курсың жүргізуге БҚҰК-ға белгіленген нысан бойынша жазған өтініштер;

- тыңдаушыларды аттестациялаудан өткізу туралы Аттестациялық комиссияға жазылған өтініштер және аттестациялауды жүргізу туралы БҚҰК-ның жазбаша ескертпелері;

- аттестациялау қорытындылары бойынша, оның ішінде қайтадан аттестациялау бойынша ведомостар;

- аттестациялау қорытындылары бойынша Аттестациялық комиссия отырыстарының хаттамалары хронологиялық тәртіппен.